

**"Қылмыстық процессуалдық құқық және ҚР әкімшілік процесі" пәні  
бойыншаХҚФ, Халықаралық құқық бөлімінің  
3 курс бакалавриаттарына арналған қорытынды емтихан  
бағдарламасыОқытушы – Апенов С.М.**

## **ҚОРЫТЫНДЫ ЕМТИХАНДЫҚ БАҚЫЛАУ**

Емтиханды өткізу нысаны – оффлайн платформасында жазбаша

Билеттерді Универ жүйесі арқылы                    деканның                    Оқу-әдістемелік                    және тәрбие жұмыстары жөніндегі орынбасары жасайды.

" Қылмыстық процессуалдық құқық және ҚР әкімшілік процесі " пәні бойынша емтиханды сәтті тапсыру үшін студент:

- өткен бағдарламаға сәйкес оқыту курсын мүқият зерделеу;
- курс тақырыптары бойынша қосымша әдебиеттерді зерттеу;
- әкімшілік құқықтың практикалық сұрақтарына жауап беру үшін ұғымдық және терминологиялық аппаратпен жұмыс істеу;
- сұрақтарға жауаптың анықтығын қаматамасыз ету үшін Әкімшілік кодекстің ережелеріне сүйену ;
- берген жауапқа сенімділігін көрсету үшін әкімшілік құқықтық ережелерді келтіре отырып жауабын негізделген түрде беру;
- әкімшілік істер бойынша сот, арнайы органдары анық бір шешім қабылдайтындықтан балама жауаптарды өз шешімі ретінде келтірмеу.

### **Емтихан өткізу ережелері.**

Жазбаша емтихан бейнекамерасы бар аудиторияда өткізіледі.

Жазбаша емтиханды бастамас бұрын студент келу парагында көрсетілген орынға отырады. Ережелерді бұзған студент етихан тапсыру аудиториясынан шығарылады және емтихан тапсырылмаған болып саналады.

Билетте 3 сұрақ болады. Қорытынды бақылау сұрақтары міндетті түрде сабактың барлық түрлерінде (дәрістер,

практикалық, СОӨЖ) қараптырылатын тапсырмаларды, сондай-ақ аралық бақылауға берілген сұрақтарды қамтиды.

Емтихан тапсыру уақытында сыртқа шығуға рұқсат етілмейді.

Жауапты дайындау уақыты- 2 сағат.

**Бағалау саясаты.** Қорытынды бақылау (емтихан) - 100 балл. Бағалау келесі схемабойынша жүзеге асырылады:

1 сұрақ - 30 балл

2 сұрақ - 30 балл

3 сұрақ -40 балл.

### **Емтиханды өткізу кестесі.**

Емтихан бекітілген кестеге сәйкес өткізіледі, ол туралы студенттерге хабарланады.

Баллдар Универ АЖ-дегі қорытынды ведомоске қойылады. Жазбаша

емтихан үшін аттестаттау ведомосына балл қою уақыты-24 сағат.

### **Емтихан сұрақтары құрастырылған курс тақырыптарының тізімі:**

1. Қылмыстық процессуалдық құқықтың түсінігі, міндеттері және жүйесі.
2. Қылмыстық процессуалдық құқықтың қағидалары.
3. Қылмыстық процесске қатысушылар.
4. Процессуалдық мәжбүрлеу шаралары.
- 5 Қылмыстық процестегі дәлелдемелер және дәлелдеу.
6. Сотқа дейінгі тергеуді бастаудың тәртібі.
7. Сотқа дейінгі тергеу әрекеттерін жүргізудің жалпы шарттары.
8. Кудіктіден, куәден, жәбірленушіден жауап алудың процессуалдық тәртібі.
9. Тергеу әрекеттерінің түрлері және олардың процессуалдық сипаттамасы.
10. Қылмыстық процессуалдық құқықтағы сотқа дейінгі тергеуді аяқтау.

11. Айыптау актісі сотқа дейінгі тергеу сатысын аяқтаушы процессуалдық құжат ретінде.
12. Басты сот талқылауын тағайындау және сот тергеуі.
13. Процессуалдық келісімдерді жасаудың негіздері және тәртібі.
14. Апелляциялық және кассациялық сатыларда сот шешімдерін қайта қараудың негіздері мен тәртібі. Бақылау нысаны ауызша.
15. Әкімшілік құқық бұзушылықтарды қарауға өкілетті органдар.
16. Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша өндірісті жүргізу.
17. Әкімшілік істер бойынша өндірісті қамтамасыз ету шаралары.
18. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қозғау.
19. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарау.
20. Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша заңды күшіне енбеген және енген қаулыларды қайта қарау.
21. Әкімшілік істер бойынша қабылданған шараларды орындау тәртібі.

#### **Әдебиеттер:**

1. Қазақстан Республикасының қылмыстық процестік кодексі. 2014 жылы қабылданған.
2. Әпенов. С.М., Айдарбаев С.Ж., Шакиров К.Н. Қазақстан Республикасының және шет елдердің қылмыстық процессуалдық құқығы. (Сотқа дейінгі өндіріс) Жалпы және Ерекше бөлімдері. Оқулық. –Алматы, 2016 ж.
3. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының нормативтік қаулыларының жинағы.
4. Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексі.
5. Қызылов М.А., Карпекин А.В. Қазақстан Республикасының әкімшілік құқығы. Оқу құралы (схемалар). –Алматы: Жеті Жарғы, 2002.
6. Баянов Е. Әкімшілік құқық. Оқулық. –Алматы, 2007.

**Пәні: Қылмыстық процессуалдық құқық және ҚР әкімшілік процесі . Денгейі: бакалавр дәрежесі. Формасы:  
Жазбаша емтихан. Платформа: АЖ «Универ».**

	Балл таксономиясы	Критерий	<b>Балл</b>	Өте жақсы	Жақсы	Қанағаттанарлық	Қанағаттанарлықсыз	
				<b>90-100%</b>	<b>70-89%</b>	<b>50-69%</b>	<b>25-49%</b>	<b>0-24</b>
1.	Білім 1 сурек (30 үлпай)	Корытынды бағалауда қарастырылған тақырыптарға қатысты іргелі ұғымдар мен принциптерді нақты түсінгенін көрсету.		Нюанстар мен байланыстарды қоса алғанда, тақырыптың ерекше түсінігін көрсетеді.	Тақырыптың нақты және тиянақты түсінігін көрсетеді.	Сұрақтың мәнді тақырыбының негізгі түсінігін көрсетеді.	Тақырыптың мәнін түсіндіру қыын, түсінуде олқылықтар көп.	Тақырыпты аз немесе мүлдем түсінбейтінін көрсетеді.
2.	Түсіну 2-сурек (30 үлпай)	Корытынды бағалау кезінде талқыланған негізгі идеяларды, тақырыптарды немесе мәселелерді түсіндіру арқылы ақпаратты түсіндіру және қорытындылау.		Егжей-тегжейлі және нақты түсініктемелер береді, сұрактың мазмұнын қорытындылайды және түсіндіреді.	Мәселе мазмұнына тиімді түсініктемелер, корытындылар және интерпретациялар береді.	Негізгі денгейде мәселе бойынша адекватты қорытындылар, түсініктемелер және түсіндірuler беру арқылы ақпаратты түсіндіреді.	Ақпаратты түсіндіру, қорытындылау немесе түсіндіру қыынға соғады.	Ақпаратты дұрыс түсіндіре алмайды, қорытындылай алмайды немесе түсіндіре алмайды.
3.	Қолдану 3-сурек (40 үлпай)	Пәнге қатысты нақты мәселелерді немесе сценарийлерді шешу үшін алынған білім мен түсінікті қолданыңыз.		Күрделі есептерді шешу үшін білімді жүйелі түрде қолданады.	Практикалық есептерді шешу үшін білімін сауатты қолданады.	Білімді белгілі бір дағдымен қолданады, бірақ жауаптар қарастырылып отырған мәселелерді шешу үшін жеткілікті терең болмауы мумкін.	Мәселелерді шешу үшін білімдерін қолдануға тырысады.	Есептерді шешу үшін білімді қолдана алмайды.